

Амирбекова У.А.

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: umit_amirbekova@mail.ru

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КОРЕЙ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӨНЕГЕЛІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ: «НЕФРИТ ПАВИЛЬОНЫНДАҒЫ ТҮС» ШЫҒАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

Мақалада ортағасырлардағы корей әйелдерінің моралдық-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әдеби-көркем образдардың ықпалы қарастырылады. Ортағасырлық корей әлемінде әйелге деген көзқарас пен әйелдерге қатыстылардың барлығы қиын мәселелердің бірі болды. Әйелдердің көпқырлы бейнелері корей этносының ұлттық ерекшеліктерін ұғынуға мүмкіндік береді. Ортағасырларда жазылған белгісіз автордың «Нефрит павильонындағы түс» шығармасын талдау арқылы конфуциандық идеалдарға сай әйел туралы ұлттық түсінікті көрсетуге талпыныс жасалды.

Түйін сөздер: ортағасырлардағы корей әдебиеті, түс-романдар, конфуциандық идеалдар, өнегелі әйел бейнесі, өзін-өзі құрбандыққа шалу феномені.

Amirbekova U.A.

senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: umit_amirbekova@mail.ru

The image of exemplary woman in medieval korean literature: based on the composition “Sleep in a jade pavilion”

The composition discusses the influence of literary and artistic models to the moral and humanistic characteristics of medieval korean women. The matter of women and standpoint to the women in the world of Korea in the middle Ages was one of the most difficult questions at that time. Versatile images of women gives us an opportunity to understand the special features of korean ethnos. Through analyzing the composition “Sleep in a jade pavilion” by unknown author, we tried to depict the national concept of the confucian ideal image of woman.

Key words: medieval korean literature, novels, confucian ideals, image of exemplary woman, phenomenon of self-sacrifice.

Амирбекова У.А.

старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: umit_amirbekova@mail.ru

Образ нравственной женщины в средневековой корейской литературе: на основе произведения «Сон в Нефритовом павильоне»

В статье рассматривается влияние литературно-художественных образов на формирование морально-нравственных качеств корейских женщин в период Средневековья. В средневековом корейском мире отношение к женщине и всему, что было связано с женщиной, являлось сложной проблемой. Многоаспектные образы женщин дают возможность понять национальные особенности корейского этноса. В статье сделана попытка показать национальное понятие о женщине, соответствующее всем конфуцианским идеалам, анализируя произведение неизвестного автора «Сон в Нефритовом павильоне».

Ключевые слова: средневековая корейская литература, романы-сны, конфуцианские идеалы, образ нравственной женщины, феномен самопожертвования.

This work was supported by the Seed Program for Korean Studies through the Ministry of Education of the Republic of Korea and the Korean Studies Promotion Service of the Academy of Korean Studies (AKS-2017-INC-2230007).

Кіріспе

Әйел адамның әлеуметтік, экономикалық, құқықтық мәртебесі, оның қоғам өмірінің дамуындағы ролі негізінен сол кезеңдегі қоғамның сипатымен, рухани және материалдық мәдениетінің деңгейімен, қалыптасқан көзқарастармен айқындалады. «Қоғам мен әйел» мәселесі, жалпы алғанда өте күрделі, көп қырлы, әртүрлі пікірталас тудыратын мәселе. Қазіргі әлемде орын алып жатқан айтулы өзгерістер бұл мәселеге ғылыми тұрғыда жанаша көзқараспен қарауды талап ететін әйел адамның отбасы мен қоғамдағы қызметінің түрленуіне әкелді. Аталған мәселе қоғамдық-саяси практика аясынан бірте-бірте асып шығып, филозофтардың, тарихшылардың, мәдениеттанушылардың, экономистердің, заңгерлердің ғылыми-теориялық зерттеулері саласына айналуға бастады. Көркем шығармадағы образдар жүйесі адами және өмірлік идеалдарды бейнелей отырып, адам болмысы мен алуан түрлі тағдырлардың ерекшеліктерін жалпылайды, әрі нақтылай түседі. Соңғы жылдары әлемде болып жатқан өзгерістер өнегелілік мәселесін талқылауға мүмкіндік береді, өйткені, діни және рухани түсініктермен байланысты тәрбие беру мәселелері өзекті болып табылады. Сондықтан, біз зерттеу жұмысымызда тарихқа шегініс жасап, ортағасырлық корей әдебиетіндегі өнегелі әйелдер бейнесіне тоқталмақпыз.

Әйел бейнесі әртүрлі сипатқа ие – магиялық сиқырлылықтан бастап салт-рәсімдікке дейін, мифологиялықтан шынайылыққа дейін болуы мүмкін. Әйел бейнесімен мифологиядағы, дін мен эпостағы, этика мен эстетикадағы көпқырлы, ұшан-теңіз ұғымдар байланысты. Адамдардың сан ғасырлық тәжірибесі олардың бейнесі арқылы берілді. Әйел образы кез келген елдің халық ауыз әдебиетінің барлық жанрларында, көркем әдебиетінде көрініс тапты. Ол қоғамның толыққанды мүшесі ретіндегі корей әйелінің қалыптасуын көрсете отырып, мәдениеттің барлық қабаттарын көктей өтеді.

Әйелдердің көпқырлы бейнелері корей этносының ұлттық ерекшеліктерін ұғынуға мүмкіндік береді. Жоғарыдағы айтылғандарға байланысты, біз өз зерттеу жұмысымызда ортағасырларда өмір сүрген белгісіз автордың «Нефрит павильонындағы түс» шығармасының негізінде әйел адам өміріндегі функционалдық аспектілерді айқындап, оның менталдылығына, оның эмоционалдық-сезімдік әлеміне сипаттама жасауға талпынбақпыз. Конфуциандық

идеалдарға сай әйел адам бейнесіне толыққанды талдау жасау корей халқының әлеуметтік негіздерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді деген ойдамыз.

Ортағасырларда өмір сүрген белгісіз автордың «Нефрит павильонындағы түс» шығармасы зерттеу жұмысымыздың нысаны болып табылады. Зерттеу тақырыбы – «Нефрит павильонындағы түс» шығармасында бейнеленген әйел образдары.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Ғалымдарды әрқашан да әйел табиғатын ұғынумен байланысты мәселелер, оның әлеуметтік тұрғыдағы орны, ұстанымдары, құқықтары мен міндеттері, ер адаммен өзара қарым-қатынастары қызықтырған. Әйел бейнесі халықтың тарихына, мәдениетіне байланысты жазылған еңбектердің, гендерлік және феминистік бағыттарда жасалған талдаулардың зерттеу нысаны болып табылады. Жалпы, әлем әдебиетінде әйел бейнесі алуан түрлі өзгерістерді басынан кешірді. Бөлектеу мен шектеулер, теориялар мен зерттеулер – өз кезінде әйелдерге осының бәрінен өтуге тура келді. Бірақ әйелдер барлық теориялардан сүрінбей өтіп, жұмбақ қалпын сақтай алды, әлемдегі алуан түрлі өзгерістерге бейімделіп қана қоймай, өзін кәсіби қызметінде маңызды тұлға ретінде көрсете де білді.

Әлем әдебиетінде әйел бейнесін сомдау, сол арқылы әйелдің отбасындағы, қоғамдағы орнын айқындау мәселесі жиі кездеседі. Корей мифологиясына арналған еңбектерде, халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде, көркем әдебиетте белгілі бір деңгейде әйел бейнесі көрініс тапқан. Корей халқының рухани мәдениетін терең түсіну үшін, олардың дүниетанымының ерекшеліктерін зерделеу үшін корей әйелдерінің тұрмыс-тіршілігін, олардың өмірге деген көзқарасын, олардың мінез-құлқы мен ұстанымдарын білу қажет. Өйткені, әйел адамның өмірі, отбасының амандығы мен бақыты, осыдан барып пайда болатын қоғамның тұтастығы әйел адамның ер-азаматқа ұнауына, оның ниет-тілегін алдын ала біліп отыруына, оның ырқына көніп, еркіне бағынуына тікелей тәуелді болған.

Зерттеу тақырыбы ретінде қарастырылып отырған «Нефрит павильонындағы түс» шығармасы XVII ғ. басындағы корей прозасының ең ірі туындыларының бірі болып табылады. Шығарма Қиыр Шығыста танымал болып саналатын түс-романдар жанрына жатады, сюжеті бойынша ежелгі мифологиялық аңыз-әңгімелер мен кейінгі ортағасырлардағы авантюралық повестерге жақын. «Түс» тақырыбы осы кезең-

дегі көптеген шығармалардың тақырыптарында кездеседі. Ол, ең алдымен, баяндауды анағұрлым қызықты ету үшін, әрі сюжетті күрделендіру үшін қолданылады.

Ортағасырлық корей әдебиетіндегі өнегелі әйел бейнесі

Ортағасырларда корей қоғамы конфуцийшілдіктің ықпалында болды. Өмірлік маңызы бар түсініктер соның шеңберінде дамыды. Сол кезеңдегі көркем шығармалардың басым көпшілігін конфуцийшіл ақын-жазушылар жазған. Корей қоғамындағы әйелдің орны мен ролі әрдайым карама-қайшы күйде болған. Бір жағынан, ерте замандардан бастап-ақ әйел патриархалды конфуциандық жүйенің толық карамағында болған деп саналады, ал екінші жағынан, Корея тарихы өмірдің барлық салаларында әйелдердің таңғажайып табыстарға жетіп, айтарлықтай жетістіктердің үлгісін бергендігін көрсетеді. Билік басына Ли династиясы келгеннен кейін неоконфуцийшілдіктің ықпалымен корейлердің көзқарастары мен өмірлері өзгерді. Адамдардың отбасындағы қарым-қатынастары мен қоғамда олардың өзін-өзі ұстауын реттейтін конфуциандық нормалар тәрбие негізіне айналды (Корнеева, 2016: 62).

Қоғамда өнегелілік пен адалдықтың идеалы ретінде қызмет ететін әйелдер образы ғасырлар бойы ұлттық әдебиеттің бір бөлшегі ретінде сомдалып келеді. Ортағасырлық корей әдебиетінде бір жағынан – өздерінің сүйген адамдарын риясыз жақсы көретін, екінші жағынан – конфуциандық идеалдың үлгісі болып табылатын әйел образдары қоғамдық маңызға ие болды. Қарастырылып отырған туындыда ізгілікті әйел бейнесіне тән жағымды қасиеттер туралы көп айтылады. Конфуциандық идеалдарды ұстанатын отбасында ауызбіршілік салтанат құрады. Мұндай отбасында көре алмаушылық, қызғаныш сияқты сезімдерге орын жоқ.

Әйелге деген қарым-қатынас кез келген қоғамның моралдық-адамгершілік қалпын көрсетеді. Ортағасырлық корей әдебиетінде бас кейіпкердің жанында үнемі әйел кейіпкерлер болады (Яхин, 2017: 51). Сондықтан, шығарманың бас кейіпкері – Ян Чан Цюйдің айналасында шоғырланған әйелдер образы – дәстүрлі. Олар негізінен сұлулық, сезімталдық, адалдық сынды қасиеттерге ғана емес, сонымен қатар, ақыл, білімділік, дарындылық сынды қасиеттерге де ие. Әсіресе, Ян Чан Цюйдің ең жақын құрбысы, сүйіктісі, әрі отбасы мен әскери жорықтардағы адал серігі – Хун ерекше тартымдылықпен бейнеленген. Хун – рухани қасиеттерге, сезім күшіне ғана емес, мінез-құлық күшіне де ие кисэн

қыз. Даос Ақ Бұлттан ілім үйренген ол қорқыныш дегеннің не екенін білмейтін қайсар да батыл, жауынгерге айналады.

Қоғамдық пікір бойынша, ортағасырлардағы әйел құқықсыз, діни наным-сенімдердің қысымында қалған деген пікір бар. Корей әдебиетіндегі әйелдер бейнесі конфуциандық қағидаларға қайшы келмейді. Сонымен қатар, шығармада әйел сұлулығы ерекше сипатталған. Онда автор әйел образдарының ең жақсы жақтарын көрсетуге тырысқан. Мысалы, Нефрит бикештің киімі асыл тастармен көмкеріліп, бас киімі жалт-жұлт етіп көздің жауын алса да, оның өзін қарапайым ұстап, жаңа туған айдай таң қалдыратындығын айтады. Ал Қызыл құсты ақылды, таңғажайып ажарлы жүзінен бірден таниды (Сон, 1982: 13). Шабдалы есімді жұлдызды бойжеткеннің бет-жүзі піскен шабдалы түсіндей (Сон, 1982: 14). Аспан тұрғындарының қимылсыз бастарын нефрит мүсіндерге, иілген гүл қауызына (Сон, 1982: 15) теңейді.

Ананың балаға деген махаббатының күштілігін бас кейіпкер Ян Чан Цюй алғаш рет үйінен мемлекеттік емтихан тапсыру үшін астанаға аттанар алдындағы көріністен байқауға болады. Баласының алыс сапарға кетіп бара жатқанына қатты қайғырса да, ұлының қамын жеген Сюй ханым сандықтағы жейделері мен белдемшелерін шығарып, оған шаш түйреуішін қосып, оларды бірнеше күміс лянға сатып, орнына есек сатып алады, малай баланы жалдап, қалған ақшаны баласының қолына ұстатып, батасын беріп, ұлын жолға шығарып салады (Сон, 1982: 19). Қыз мінезі, қыздың тәкаппарлығы мен олардың ерлерден кем түспейтіндігі мәтінде былай берілген: «Янцзының оңтүстігіндегі отыз алты округтың ішінен Ханчжоу өздерінің гетераларымен басқаларға карағанда аса танымал. Ал Ханчжоудағы отыз алты жасыл үйшіктердегі гетералардың ең сұлуы, өлең шығаруда, би билеуде, ән айтуда да ең шебері – атақты Хун. Сучжоу билеушісіне қарсы тұра алатын кисэн жоқ, – тек Хун ғана оған берілмеді. Өзі сондай менменшіл: өзі сүймеген адамға өлсе де берілмейді. Жасы 14 келсе де, оның жүрегін ешкім әлі жаулап ала алмады...» (Сон, 1982: 21), яғни Хун кисэннің тәкаппар, өр мінезді болғандығы соншалықты, егер өзі сүймесе, ешкімге де, тіпті Сучжодың билеушісіне де бойсұнбайды. Бұл үзіндіден де конфуциандық қағидаларға сай әрекетті көруге болады.

Бірінші министр Хуан И биннің ұлы Хуан Жуюй Хунның сағын сындыру үшін ақындар сайысын өткізбек болады. Ян көп сұлудың ішінен нұр

шашқан көздері күзгі өзендегі судай түп-тұнық жанды байқайды. Алайда, бұл көздерде қуаныш пен шаттықтың орнына үміт басым еді. Ян оның ақылды көздеріне, аққу мойнына төгілген смоладай қап-қара бұйра шаштарына, көктем ізі кетпеген бетіне, күзгі ай тәрізді суық әрі көңілсіз жүзіне қараумен болады. Ян өзінің бақалшығына тығылған маржандай, Таңғажайып Жұпар иіс Павильонындағы беһе гүліндей қызды көріп, «патшалықтарды құлатқан қыздар туралы ежелгі кітаптардан ғана оқыған едім, енді өз көзіммен көріп тұрмын, не деген сұлулық!», – деп таң қалады (Сон, 1982: 22). Хун жәй ғана сұлу емес, сонымен қоса ол ақылды әрі айлакер кейіпкер. Жиналғандардың алдында ән айтып беруді ұсынған Хуан билеушіге «көзін төмен сала отырып, әніммен ақындардың мазасын алмай-ақ қояйын. Баяғыда Ван Чжи хуанның өлеңдерін әнге қосқандай, бүгінгі айтыс жеңімпазының өлеңін айтқаным дұрысырақ болар» деп, сыпайы түрде Хуан билеушінің ұсынысынан бас тартады (Сон, 1982: 22).

Шығармада әйел сұлулығын сипаттайтын сәттер өте көп. Олар негізінен қытай классикалық шығармаларынан алынған теңеулер арқылы берілген. Мысалы, «Өлеңді оқып болған Хун өзінің бекзат жанарын тіктеп, қызғыш құстың басымен әдіптелген алтын шаш түйреуішін алып, онымен көзені ашып, шиедей еріндерін қимылдатып, тәтті шараппен нәзік тамағын шайқап әнін бастап кетті. Оның әні Наньтянның асыл яшмаларындай сайран салушылардың үстелдеріне төгілді, тап-таза тұнық өзеннің үстіндегі көгілдір аспандағы жалғыз қаздың үніндей жетті, сөйтіп гүл тозандары ұшып, жастық лебі есіп, күннің жарығы одан сайын көріктене түсті» деп, бас кейіпкер Ян мен қосалқы кейіпкер Хунның алғашқы бірін-бірі көрген сәтін, Хунның әрбір қимылының нәзік те, сұлу екендігін көркем суреттейді (Сон, 1982: 23).

Хун тек сұлу бойжеткен ғана емес, сонымен қатар, бүкіл Цзяннанда жазу-сызуда, өлең құрастыруда, ән салуда оған тең келетін қыз жоқ. Ол ақылды да сұңғыла қыз. Көптің арасынан Янды бірден байқаған ол, «Мен өзімнің тағдыр қосқан жарымды кездестіріп, өмір бойы соның қасында болғым келеді. Әзірше мен адамдарды жақсы тани білмесем де, сыртқы келбеті Пань Юэге келетін адам Хань Синь немесе Фу Би тәрізді ерлік жасай алатындығына, Ли Бо мен Ду Фу сияқты дарыны бар адамның Сыма Сян мен Чжо Вэнь Цзюньдай сүйе алатындығына сенімдімін. Үстелдің ең аяғында отырған ана жас жігітке неге менің қалауым болмасқа? Егер Тәңі-

рімнің жалғыз басты Хунға жаны ашып, мына сымбатты ақынға ғашық еткен болса ше?! Бұл бозбала Сучжоудан да, Ханчжоудан емес. Егер қазір мен оның есімін айтып, бүгінгі айтыстың жеңімпазын атайтын болсам, Хуан билеуші қызғаныштан, ал мына отырған шенді-шекпенділер надандықтан бейтаныс жігіттің түбіне жетуі мүмкін» деп, «Мәртебелі билеушілер, сіздердің қонақтарыңыздың құлақ құрышын қандыру үшін осы павильонда отырған ақынның өлеңін әнге қосып шырқадым! Бірақ, егер мен жеңімпаздың атын атар болсам, жеңілгендеріңіз мұнайып қаларсыздар. Сондықтан, оның атын бүгінгі думанның соңында, күн ұясына батқан кезде білетін боласыздар! Әзірше көңіл көтеріп, сауығымызды жалғастырайық!» – деп, қулыққа салады (Сон, 1982: 24). Сондай-ақ, Хун байқампаз. Жас жігіттің тез масайғанын байқаған ол, қадірлі қонақтарға құрмет көрсеткендей болып, орнынан тұрып, оларға өзі шарап құйып жүреді де, Янның жанына келгенде абайсызда оның үстіне шарап төгіп жібереді. Ян оның ишарасын түсініп, мас болып қалған адамның кейпін танытады. Хунның осы әрекеттерінен-ақ әйел затының өзінің ер-азаматын қолдап, қорғап жүретін, қауіпті сәттерде көмек қолын созуға дайын тұратын жан екендігін көреміз. «Мына дарынсыз маскүнемдер пасық әрекеттер жасауға да қабілетті. Менің қалаулыма қауіп төніп тұр, оны құтқаруым керек!» – деп ойлап, келген қонақтарға ән айтып беретіндігін хабарлайды. Хуан билеушінің кекшілдігінен Янды сақтандыру үшін әннің сөзін бастан-аяқ өзі құрастырып айтады. Әннің бірінші шумағында – Хуан билеушінің кекшілдігі, екінші шумақта – кеш болмай тұрғанда қашып кету керектігі, үшінші шумақта – өзінің үйінің қайда екендігі туралы баяндайды (Сон, 1982: 25). Қатты масайған қонақтар да, тіпті билеушілер де оның сөзіне мән бермейді, ал Ян тұспалмен айтылған әнді бірден түсініп, сылтау айтып, павильоннан шығып кетеді. Бозбала павильоннан кеткеннен кейін де Хун оны уайымдап, Хуан билеушінің көңілін басқа арнаға бұрмақ болып, болған жәйтқа өзін кінәлі санауын сұрап, мені жазалаңыз деп өтінеді. Автор Хун бейнесі арқылы әйелдердің тапқырлығын, көрегендігін, көңілі түскен адамы үшін әртүрлі амал-айлаға баратындығын жеткізген. Сонымен, жас ақынды надан тобырдың тырнағынан арашалап қалу үшін павильондағылардың барлығын мас қылмақ болған Хун Хуан билеушіге «мен осында отырған Сучжоу мен Ханчжоу ақындары шығарған тамаша өлеңдердің барлығын оқимын, ал сіздер әр өлеңнен

кейін бір саптаяқ шараптан алып отырасыздар» – дейді (Сон, 1982: 26). Билеуші келісімін бергеннен кейін, яшмадай тамаша дауысымен өлеңдерді бірінен соң бірін оқи бастайды. Хунның айлакерлігі мұнымен бітпейді. Ол тығырықтан шығу үшін шабарманға да, керуен сарай қожайынына да өтірік айтады (Сон, 1982: 26-27).

Хун – батыл қыз. Жолда Ханчжоу билеушісі Инді кездестірген Хун оның қаһарынан қаймықтастан, адал бағынышты ретінде басын иіп, сәлем береді. Әділетсіз билеушіге бағынғысы келмеген Люй шан мен Фу Юэні мысалға ала отырып, Сучжоу билеушісінің қол астындағыларға жасап жүрген әділетсіздігіне төзе алмайтындығын жеткізеді (Сон, 1982: 30). Сондай-ақ, Хун әдепті, қонақты қалай күту керек екендігін білетін адам. Бозбала Янның қай жерде тоқтағандығын біліп, оған сыйлы қонаққа лайық құрмет көрсетеді. Елдің сөзіне қалмау жағын да ойластырады (Сон, 1982: 31). Хунның дауысы да керемет. Оның үні – күздің күні тобынан ажырап қалған қаздың үніндей, Данышань тауларында жалғыз қалған феникстің құрбысын шақырған үніндей мұнды әрі нәзік (Сон, 1982: 33).

Хун өз-өзіне сенімді, өз сезімін жасырмай жеткізе алатын адам. Ол өзінің кисэн екендігінен ұялмайтындығын, қысылмастан павильонда жігіттің көңілін өлеңімен өзіне аударғандығын және керуен сарайда оған шынын айтқызығандығын, балшыққа лақтырған гүл де балшыққа айналмай гүл күйінде қалатындығына, шаңға түскен яшма да шаңға айналмай яшма күйінде сақталатындығына сенетіндігін айтады. Мен сізді сүйіп қалдым, өмірімнің соңына дейін сізге адал болсам деген ойын жеткізеді. Әрі ол өзінің Янның бәйбішесі бола алмайтындығын жақсы түсінеді. Сондықтан, өзінің сүйіктісінің атастырылған қалыңдығы жоқ екендігін білген соң, Янның қоғамдағы орнына сай оған жар бола алатын қызды дұрыс таңдап, Инь билеушінің қызына үйленуге кеңес береді. Хун егер бәйбіше мен кәнізек тату болатын болса, отбасында тыныштық пен береке болатындығына сенімді. «Сіздің алған әйеліңіз жақсы болатын болса, мен де бақытты боламын. Инь мырзаның қызы он алты жаста. Ол ай тәрізді тәкаппар, гүл тәрізді сұлу. Ол сізге жақсы жар болады. Мен сіз үшін оған құда түсемін! Сіздің етиханнан сүрінбей өтіп, жоғары лауазымға ие болатындығыңызға сенімдімін. Сондықтан басқа қалыңдық іздемеңіз» – дейді (Сон, 1982: 36-37).

Хун өзінің орнын біледі. Әйел адам өзінің махаббатымен ер адамды жұмысынан қалдырмауы тиіс. Сондықтан, Хун ғашығымен

қимай-қимай қоштасады. Ол дауыл кезіндегі толқынның тулағанындай сезімдерін әрең ауыздықтап, бұл айырылысуды болдырмауға ешкімнің күші жетпейдігін, қайта қауышудың қашан болатындығын ешкімнің білмейтіндігін, енді өзінің жағдайының қалай болатындығы бір құдайға аян екендігін айтып, бірақ Янның ойындағысының орындалып, табысқа жететіндігіне сенім білдіреді. Хун қанша қайғырып жүрсе де, сүйіктісіне айтқан сөздерін ұмытпай, Инь билеушінің үйіне барып, оның қызымен достасу үшін алғашқы қадам жасайды (Сон, 1982: 38). Инь билеушінің келісімін алып, оның үйіне біраз уақытқа көшіп келеді. Инь билеушінің қызымен екеуінің арасында жақсы достық қарым-қатынас орнайды. Ақылы толысқан сұлу бойжеткендер білімдерінің терең екендігін, екеуінің де отбасындағы әйел адамның орны туралы ойлары бір жерден шығатындығын түсінеді. Мысалы, Хун қызғаныш бар жерде келісім болмайды. Бір отбасындағы әйелдердің арасында қызғаныш сезімі болмау керек десе, ақылы көркіне сай Инь бикеш мағынасы тереңде жатқан «егер бұлақ суы мөлдір болса, өзен суы да таза болады, егер таяқ түзу болса, оның көлеңкесі де түзу болады» деген мақалды есіне түсіреді. Көп уақыт өтпей-ақ Хун билеушінің қызын ниетінің, пиғылының тазалығы үшін, ол болса Хунды ақылы мен білімі үшін жақсы көріп қалады. (Сон, 1982: 39).

Ортағасырлық Кореядағы әйелдердің өмірі трагедиялы. Ол заманда корей қоғамындағы әйел жағдайы, әсіресе кисэндер ахуалы өте ауыр, қарама-қайшылықтарға толы болған. Шығарманың басынан бастап Хун бикешке Сучжоу билеушісі Хуанның көзі түскенін біз білеміз. Өзінің ойын ақындар сайысында жүзеге асыра алмаған Хуан билеуші қайткен күнде де Хунды қарамағына түсірмек болып жоспар құрады. Сөйтіп, бесінші айдың бесінші күнінде өзенде сауық-сайран өткізбек болып шешеді. Бұл хабарды естіген Хун бикеш Хуан билеушінің құрған тұзағынан қашып құтыла алмасын, арманына қол жеткізе алмасын, ең бастысы – сүйіктісімен қоштаса алмасын түсінеді. Қолынан ештеме келмесін ұғынып, ғашығына хат жазып, малайынан беріп жібереді. Қорғансыз бағынышты ретінде Хуан билеушінің шақыртуынан бас тарта алмай, өзен жағасындағы белгіленген орынға келген Хун сұлудың көңіл хошы болмаса да, оның әсем келбеті: «Қан-сөлсіз оның жүзі алай-дүлей боран түте-түтесін шығарған сәмбіталдың бұтағындай болса да, қырау шалған әдемі лотос гүліндей, мұнарланған күз пердесіне оранған айдай ажарлы еді» – деп суреттеле-

ді (Сон, 1982: 42). Сүйгеніне адал Хун, Сучжоу билеушісінен құтыла алмасын сезіп, кінәсіз Цюй Юанның ізімен мен де о дүниеге аттанамын деп, суға секіріп кетеді.

Әдеби шығармалар әлемнің көпқырлылығын аша отырып, өзінің кейіпкерлерін моралдық-өнегелілік идеалдарының қырынан көрсетеді. Осылайша, оқырмандарға әсер етеді, жоғары көркемділікке қол жеткізеді (Яхин, 2017: 51). Шығармадағы конфуциандық қағидаларға сай образдардың бірі – Ханчжоу билеушісінің қызы Инь бикеш өте ақылды қыз. Ол Хунмен болған соңғы әңгімені ой елегінен қайта-қайта өткізіп, оның өз-өзіне қол жұмсамақ болған ниетін түсінеді. Сондықтан да, болатын трагедияның алдын алуды ойластырып, күтушісі арқылы суға сүңгігіш адамды тауып, оған Хунды құтқару амалын түсіндіреді. Сүңгігіш әйел Сунь Сань ешкімге байқатпай Хунды құтқарып қалады (Сон, 1982: 46). Арам пиғылды балықшылар мен теңіздегі дауылдан аман қалған Хун бикеш пен Сунь Сань бір-бірлерінен адал досты көреді. Араларында орнаған достық туралы Сань былай дейді: «Мен өмір бойы нағыз құрбым болса екен деп армандаушы едім. Мінекей, енді қасымда сіз барсыз. Мұнаймаңыз, мен сіздің қайғыңыздың жартысын өзіме аламын, ал қуанышымның жартысын сізге беремін – құрбылар қуанышта да, қайғыда да бірге болады емес пе?» (Сон, 1982: 48).

Инь бикеш туралы әкесінің пікірі де оң, ол өз қызына сенімді. Оны біз Янның әкесімен болған әңгімеден біле аламыз. Ол «Сіздің ұлыңыз нағыз ер азамат, үйленетін кезі жетті. Менің қызым бар. Сіздің ұлыңыз сияқты білімді әрі бекзат әдетті болмаса да, отбасы мен қоғамда өзінің орнын білетін әйел бола алатын, тұрмысқа шығу мәселесінде әке-шешесін тыңдайтын қыз» – деп, қызының конфуциандық талаптарға сай тәрбие алғандығын айтып, Ян қартқа құда болуды ұсынады (Сон, 1982: 61). Инь министрдің қызы да өте сұлу. Ол бұлтсыз аспандағы анық айдай мөлдір, өзеннің зүбаржат суында бүршік жарған лотос гүліндей ажарлы. Оның бүкіл болмысы – қыз нәзіктігі мен зарыққан әйелдің үйлесімі. Ата-енесінің үйіне алғаш келін болып түскендегі киімі де керемет. Қалыңдықтың басында ғұмырлы өмір мен бақыттың жеті белгісі өрнектеліп тоқылған баулары бар сәнді бас киім, үстінде түрлі-түсті жеңдері бар кеудеше мен дәстүрлі кежек пен үйрек суреті бейнеленген белдемше киген (Сон, 1982: 62). Яғни, үйленудің барлық жөн-жоралғылары сақталып отыр. Бұл – болашақ берік отбасының белгісі. Инь ханым

үшін қызғаныш сезімі жат нәрсе. Ол жары үйге алып келген барлық басқа әйелдерге құрметпен қарайды.

Шығармада берекелі отбасының тыныштығын кетіретін әйел бейнесі де бар. Ол – жоғары шен иесі Хуанның қызы. Ол әке-шешесінің айтқанын істеймін деп, Янның басына көп қиыншылықтар әкеледі. Бірінші министр Хуанның академик Янға жала жабуының салдарынан ол жер аударылады.

Қуғында жүріп өзінің үшінші нақсүйеріне кез болады. Кисэн Цзя қауызын жарып шыққан таушымылдық гүліндей жарқын, жүзі күзгі айқын айды көз алдыға елестетіндей сұлу еді (Сон, 1982: 65). Ол кішкентай кезінде жетім қалып, жасыл үйшіктерде өсіп жетіледі. Кисэн қыз Цзяны мұнда Көгілдір қалашықтың Перісі деп атайды. Бұрынғы заманғы ішекті музыкалық аспап – лютняда ойнау шеберлігімен отбасынан жырақта жүрген Янның жүрегін жаулап алады. Оларды бір-біріне жақындата түскен тағы бір жәйт – Хун туралы естеліктер. Цзя император академиясының мүшесі Янның алдында Хун шығарған әуенді ойнап, екеуінің махаббаты туралы халық арасында танымал болып кеткен аңызды естігендігін айтады. Ян Чан-цюй Хунның басқа кисэндерден ерекше болғандығын, өзіне жақын дос болғандығын, кисэн қыз Цзяның сөйлеу мәнері мен сезімдерінің нәзіктігі оны еске түсіргендігін жеткізеді. Цзя нәзік талғамды, алғыр ақылды қыз, сондай-ақ, ол яшмадан жасалған сиқырлы сыбызғының иесі (Сон, 1982: 66), музыкадан хабары бар, ән айту өнерін шебер игерген, әрі болашақты болжай алатын қасиеті де бар (Сон, 1982: 74). Ол терең ойлайтын адам. Ян достықтан бөлек қарым-қатынас туралы айтқанда, Цзя өзінің ибалы қыз екендігін көрсетіп, «мен бүкіл өмірімді сүйген жарымның жанында өткізгім келеді, ер адамдармен көңіл көтеру мені қызықтырмайды, сіз бәрібір маған үйлене алмайсыз, сондықтан біздің ізгі ниетті достар болып қала бергеніміз абзал, әрі тексіз кисэнмен байланыста болғаныңыз сізге лайық болмас» – деп, анығын ашып айтады (Сон, 1982: 68). Цзя – айлакер қыз. Ян Чан-цюйдан хабар алып, астанаға келе жатқан жолда сүйгенінің әскери қолбасшы болып жаумен соғысқа аттанып бара жатқанын біледі. Енді менің жағдайым не болар екен, әрі мен оған өзімнің сыбызғымды беру керекпін – оның Янға көмегі тиеді деп ойлап, амалын тауып сүйгеніне жолығып, сыбызғысын оған табыстайды (Сон, 1982: 76).

Аспан Ұлының рақымшылығымен Ян Чан-цюй астанаға оралып, императордың қалауы бо-

йынша екінші әйел алуға келісімін береді. Сөйтіп, бірінші министр Хуанның қызына үйленеді. Оның ата-енесінің үйіне алғаш келген кезінен-ақ жақсылықпен келмегенін байқаймыз: «бойжеткен Хуан ата-енесінің алдына айдаһар басы бар шаш түйреуішпен әсемделген және фениксті еске түсіретін бас киіммен келді; қалыңдықтың жібек матадан тігілген киімдері барлығын әдемілігімен таң қалдырды; Хуан бойжеткеннің бет-әлпеті де әдемі еді, бірақ оның жүзінен өркөкіректік пен менмендік белгісі көрініп тұрды» (Сон, 1982: 72). Хуан ханымның ашу-ызасы мен күншілдігі ол отбасына Цзя перизат келгеннен кейін өрши түседі. Ол қайткен күнде де өзінің күндесін құртпақ болып бекінеді. Сондықтан, Цзяға неше түрлі тұзақ құрып, жала жауып, оны үйден қуғызып жібереді. Алайда, қоғамда қабылданған конфуциандық нормалар басымдық танытып, Хуан ханым өз жазасын алып, қуғындалып, өз кінәсын түсініп, мойындап, тура жолға түсіп, тәубесіне келген соң науқасынан айығып, отбасына оралады. Мысалы, оның үйінен қуылған кездегі жағдайы: «Янның екінші әйелі Хуанның Цюцзыға келіп тоқтағанына бір айдан астам уақыт өтті. Ол тамақ ішуден бас тартты, күнімен түнімен көз жасын төгіп жылай берді, тіпті көйлегі де көз жасынан құрғамайтын болды. Бетінің әрі күн сайын емес, сағат сайын күңгірттене түсті» – деп, сипатталады (Сон, 1982: 283).

Цзя ханым да көптеген сынақтардан сүрінбей өтіп, сүйгеніне қосылады. Ол туралы императрица: «Тарихта көптеген батыр-әйелдердің аты қалған, бірақ олардың ешқайсысы Перизатқа тең келмейді. Есімде, бізді варварлар қоршап алғанда, тіпті хас батырлардың да аяқ-қолы дірілдеп, қорқып кетер еді. Ал Перизат, әлсіз әйел, тіпті сасқан жоқ ... Перизат – жәй әйел ғана, оның мемлекеттің алдында ешқандай міндеттемесі жоқ. Таққа деген адалдық оған тірек болды! «Адал бағыныштыны ізетті ұлдан ізде!» – деген мәтел бар. Біздің Перизатымыз – өз жарының ибалы кәнізегі, ал ол – біздің адал бағыныштымыз, князь Ян!» – деп, әйел затының өз патшайымын қорғауда ерен ерлік көрсеткендігін айтып, бұл ерлікті конфуциандықтың қағидаларымен байланыстырады (Сон, 1982: 283).

Конфуциандық идеалдарға байланысты Хун бикештің пайымдаулары да қызық. Ол туған жерінен алшақта таудағы даостың үйінде тұрып жүреді. Бірде дәруіш-даос оған бар білімін бермек болып шешеді, алайда, Хун бикеш тәлімгерінің шынайы ниетін түсінбей, одан бас тартады. Себебі, ол әйелдің орны ас үй, ол күріш пісіріп,

шарап дайындауы тиіс деп түсінеді (Корнеева, 2016: 62).

Ортағасырлық Кореяда тәрбиенің негізі конфуциандық нормаларға сүйенген. Қарастырылып отырған шығармадағы әйел образдары да осы ойды жалғастырады. Әйел ізетті, ибалы қыз, елгезек, мойынсұнғыш келін, адал жар және қамқор ана. Олар конфуциандық ілімде жазылған барлық ережелерді сақтайды. Оған дәлел ортағасырлық корей әдебиетіндегі әйел образдары, соның ішінде «Нефрит павильонындағы түс» шығармасындағы бас кейіпкер Ян Чан-цую жанында шоғырланған әйел бейнелері. Олар конфуциандық идеалдарға сай сүйгендері үшін өздерін құрбандыққа шалуға дайын жандар. Ортағасырлық корей қоғамындағы әйелдерге тән барлық қасиеттер конфуциандық талаптар шеңберінде өрбіді. Ал әдебиет болса оның айнасына айналды. Мақалада Инь ханым, Хуан ханым, Хун, Фей мен Лотос образдарына талдау жасау арқылы шығарманың идеялық-эстетикалық құндылығы мен мазмұндық әлеуетін ашуға талпыныс жасалды.

Қорытынды

Шығармада сомдалған әйел образдарынан өзін-өзі құрбандыққа шалу феноменін анық байқауға болады. Сюжет барысында бас кейіпкер Ян Чан-цуюдің айналасына шоғырланған барлық әйелдер ол үшін жанын қиюға дайын. Әсіресе, Хун сұлудың басынан өткізген қиыншылықтары, соғыс даласында жаны қыл үстінде тұрса да, сүйгені үшін жанкештілікке баруы шығарма желісін одан сайын ширата түседі. Шығарма ортағасырлық корей әдебиеті үшін дәстүрлі болып саналатын түс-роман жанрында жазылғанымен, яғни көркем туындыда баяндалған оқиғаның шынайы өмірден алынбағандығына, сөз болған оқиғалардың барлығы түс көріп жатқан адамның қиялынан пайда болғандығына қарамастан, шынайы өмірде де әйел адамдардың отаны үшін, елі үшін, сүйгені үшін осы тектес ерліктерге ойланбай баратындығы анық. Түс-романдағы әйел образдары арқылы берілген өзін-өзі құрбандыққа шалу феноменін конфуциандық идеалдарға адалдықтың айқын көрінісі деп түсінген жөн. Өзін-өзі құрбандыққа шалу туралы Ф.Достоевский: «... самовольное, совершенно сознательное и никем не принужденное самопожертвование всего себя в пользу всех есть, по моему, признак высочайшего развития личности, высочайшего ее могущества, высочайшего

самообладания, высочайшей свободы собственной воли. Добровольно положить свой живот за всех, пойти за всех на крест, на костер, можно только сделать при самом сильном развитии личности» – деп, оны жеке тұлғаның кіріптарлықтан құтылуының ең жоғары сатысымен байланыстырып қарастырады (Достоевский, 1972: 79). Өзін-өзі құрбандыққа шалу туралы басқа көзқарасты Чэнь Синьюйдің «Женские образы в прозе

Ф.А.Абрамова» атты диссертациялық зерттеуінен көре аламыз (Чэнь, 2010: 7). Ортағасырлық корей қоғамындағы кемеңгер, ақылы толысқан әйел конфуциандық идеалдарға сай өмір сүріп қана қойған жоқ, ол отбасындағы өзіне лайықты орынды иеленіп, жұбайының адал жары, ұлқыздарының аялы анасы бола білді. Оған дәлел корей әдебиетінде осы кезеңдерде пайда болған көркем туындылар.

Әдебиеттер

- Сон в Невритовом павильоне. (1982) Роман / пер. с корейского Г. Рачкова. – М.: Художественная литература, – 768 с.
Корнеева Е.Р., Корнеева И.В. Женские образы в традиционной корейской литературе и современном обществе // Евразийский Союз Ученых (ЕСУ) # 7 (28), 2016 | ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ. Стр. 62-63.
Яхин Ф.З. (2017) Образ нравственной женщины в средневековой татарской суфийской литературе // ISSN 1997-2911. №11 (77) – Ч.1. Стр. 50-52.
Достоевский Ф. (1972) Полное собрание сочинений: в 30 т. – Л., Т. 5. – С. 79.
Чэнь Синьюй. Женские образы в прозе Ф.А. Абрамова: автореферат на соискание ученой степени кандидата филологических наук по ВАК 10.01.01. – СПб. – Стр. 7.

References

- Son v Nefritovom pavi'l'one. Roman. Perevod s koreyskogo G.Rachkova. – Moskva: Khudozhestvennaya literatura, 1982. – 768 s.
Korneyeva Ye.R., Korneyeva I.V. Zhenskiye obrazy v traditsionnoy koreyskoy literature i sovremennom obshchestve. // Yevraziyskiy Soyuz Uchenykh (YESU) # 7 (28), 2016 | FILOLOGICHESKIYE NAUKI. Str. 62-63.
Yakhin F.Z. Obraz npravstvennoy zhenshchiny v srednevekovoy tatarskoy sufийskoy literature. // ISSN 1997-2911. №11 (77) 2017. – CH.1. Str. 50-52.
Dostoyevskiy F. Polnoye sobraniye sochineniy: v 30 t. – L.: 1972. – T. 5. S. 79.
Chen' Sin'yuy. Zhenskiye obrazy v proze F.A.Abramova / avtoreferat na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata filologicheskikh nauk po VAK 10.01.01. – S-Peterburg. – Str. 7.